

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

ЖИДЕГҮЛ ӘБДІЖӘДІЛҚЫЗЫНЫҢ

50 жылдық мерейтойына арналған
«Қазіргі қазақ тележурналистикасының
өзекті мәселелері мен даму тенденциялары:
ұлттық мүдде, ақпараттық қауіпсіздік,
кәсіби ұшқырлық» атты
республикалық дөңгелек үстелдің

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 3 сәуір, 2015 жыл



МАТЕРИАЛЫ

Республиканского круглого стола
«Актуальные проблемы современной
казахской тележурналистики и тенденции развития:
национальные интересы, информационная
безопасность, профессиональное развитие»,
посвященного 50-летию кандидата
филологических наук, доцента

ЖИДЕГҮЛ ӘБДІЖӘДІЛҚЫЗЫ

Алматы, 3 апреля 2015 года

Алматы 2015

Ғылыми редакторлар:
ф.ғ.д., профессор Омашев Н.О.
ф.ғ.к., доцент Медеубекұлы С.
ф.ғ.к., доцент Әбдіжәділқызы Ж.

Жауапты редакторлар:
ф.ғ.к., доцент Майкотова Ғ.Т.
аға оқытушы Есқуатова Н.

Техникалық редактор:
Тілеубекова М.С.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жндегүл Әбдіжәділқызының 50 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мүдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты Республикалық дөңгелек үстел материалдары. 3 сәуір 2015 жыл / Жауапты ред.: Ғ. Майкотова, Н. Есқуатова. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 83 б.

ISBN 978-601-04-1266-8

*Көпи
айнал
ақиқа
жоспа*

*Теле
арқыл
бүтін*

*Журн
сапал
сонш
(әсіре*

шалып, әнші-композитор жайлы бірқатар деректер ұсынды», - дей келіп: «Әкесі Басықара да өз тұсында қол бастаған батырлардың бірі болған көрінеді. Жаугершілік заманында аттан түспей, ел қорғаған. Жеңіліске ұшыраған кездері де болса керек. Сондай бір заманда Қанапия әкесінің кеңін алмақшы болып, өзімен бірге 17 орыс досын қасына ертіп, қарсы жаққа аттанады. Оның аяғы үлкен дауға айналып, заң орындары бұл іске араласады. Сотта Қанапия барлық кінәні өз мойнына алып, серіктестерін түрмеден босаттырады. Түрмеде алты ай жатып, он екі шумақтан тұратын өлең жазады. Өкінішке қарай, он шумағы ұмытылып кеткен...», - деген деректерді келтіреді.

«Телқоңыр» бағдарламасына байланысты белгілі акын Серік Тұрғынбекұлы: «Телқоңырдың» бағырысында халық әні мен халық композиторларының әнін, орындаушыларын архивтерден іздеп таба алмай жүрген елге ескі таспаларды тындатып, тарихын айтып, мөлдіретіп ұсынып жатқандарың үлкен олжа болып отыр. Онымен қоса, әңгімелерің бір әннің талқысында ғана қалмай, әрі қарай тереңдеп, жеке әншілермен таныстырып отыру жақсы дәстүрге айналды. Жалғасын тапса, құба-құп. Біз олармен қауышқанымызға қуанамыз...», - десе, Сәуле Мереке: «Ұлттық тәрбие көзі – салт-дәстүрлерімізде жатыр. Бесікке салудан бастап, тұсаукесер, тілашар, жалпы, қандай той-жиынды алсаңыз да әнмен астасады. Сонда орталық басшысы «Шәкірттерімізге ән қайдан шықты, оны кім жеткізді, қалай орындау керектігін «Телқоңырдан» үйреніп жатырмыз» деп ағынан жарылды. Еліміздің түкпір-түкпірінде «Телқоңыр» дәрістері ашылып жатыр. Сондықтан бағдарлама алға қойған үлкен мақсатына жетіп отыр деп ойлаймын. «Телқоңырда» ұлттық музыканың тарихын, өнердегі алған орнын айшықтап, түсіндіріп, талқылап жатқандарыңыз жастар үшін ерен еңбек деп айтар едім», - деген шынайы пікір білдіреді [7].

Қорыта келгенде, Қазақстанның халық артисі Нұрғали Нүсіпжанов: «Халық әндеріне, халық музыкасына көп жағдайда байыпты оймен, терең мазмұнмен үңіле бермейміз. Қазақтың тұрмыс-салт өлең-жырларының негізінде тәлім-тәрбие, салт-сана, ұлттық қасиетті ұғындыру жатады. Аты, мәтіні өзгергенімен, тәрбиелік мәнін жоғалтпайды», - деуі орынды [8]. Өйткені, «Телқоңыр» бағдарламасын бүкіл Қазақстан көреді. Жас орындаушыларға берері көп, өте ұтымды шыққан жоба екені даусыз. «Телқоңыр» музыкалық-танымдық телебағдарламасының басты мақсаты – қазақтың классикалық дәстүрлі музыка өнеріндегі жетістіктер мен олқылықтарды, кеше қандай жағдайда туындағанын, қазір қандай деңгейде насихатталып жүргенін саралап, заман талабына сай тыңдарманына халық әндері мен күйлерінің, халық композиторлары мен осы заманға жеткізушілердің өмір жолы мен шығарма тарихы туралы мағлұматтар, өңірлік мектептердің ерекшеліктерін ашу десек, бұл дәстүрлі классикалық музыканың бүгінгі майталмандары мен өмірден өткен сазгерлер арасындағы тығыз рухани сабақтастықтың айқын көрінісін аңғартып отыр.

Әдебиеттер:

1. А. Сейдімбеков. Күй және көшпелілер мәдениеті // Жұлдыз. 1991. №3. 146-147 бб.
2. Жұмыр-Қылыш... батырлардың есімін қалай жазып жүрміз? // Айқын, 26 тамыз 2013.
3. Сүгірдің «Қосбасар» күйі... Созақ қасіретіне арналған ба? // Айқын, 9 қыркүйек 2013.
4. Өтелбайұлы Ғ. Ұлттық өнерді жаңғыртудың жаңаша үлгісі // Қазақ әдебиеті. 19 наурыз 2010.
5. Байдәулетов М. Созақ неге Сүгірді ұмыт қалдырды? // Айқын, 20 тамыз 2013.
6. Нартай мектебі неге дамымай отыр? // Айқын, 23 қыркүйек 2013.
7. «Гүлдерайым» «Гүлдарига» әнінің бір түрі ме? // Айқын, 11 қараша 2013.
8. «Күміс құмған-ай» әнінің қанша түрі бар? // Айқын, 03 желтоқсан 2013.

Әл –Фараби атындағы ҚазҰУ
журналистика факультеті
п.ғ.к. Ж.Ә.Ноғайбаева
оқытушы Ә.Әлім

ТЕЛЕВИЗИЯДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯ ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛҒАН АҚПАРАТТАРДЫҢ БЕРІЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Телевизиядағы адамның көзқарасы, қас-қабағы да көп нәрсені аңғартады. Мейірімді, өткір, ашулы, қуанышты көзқарастар бар. Әріптесінің бұрын көз алып кетуі – жасқаншақтықты, бір нүктеге қалдырып қалуы-тыңдауға құлықсыздықты, қоз ала беруі-жақтырмағандықты, асығыстықты білдіреді. Алғаш кездескенде немесе қоштасар сәтте көз айырмай қарап қалуы-құрметті сездіреді.

Тележурналист тарапынан болатын кез-келген іс-әрекетін, мінез-құлықтан туындайтын психологиясын түсіндіріп беретін - дипломатиядағы ым тілі, әғни жест. Біздің талдағалы отырған зерттеу объектіміз де осы болмақшы.